

К.С. Алдашева^{1*}, А.С. Набидуллин²

¹М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Қазақстан, Орал қ.

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: kama_kz89@mail.ru

ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРДЫҢ МЕНТАЛДЫ ЛЕКСИКОНДАҒЫ АССОЦИАТИВТІК-ВЕРБАЛДЫ ЖЕЛІСІ: ЭМПИРИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Адамның тілге қатысты саналы әрекеті – тұтастай алғанда тілдің сақталуына әсер ететін маңызды әлеуметтік фактор. Қазіргі әлемдік лингвистика ғылымы кез келген тілдің эволюциясында орын алатын өзгерістерді терең зерделеу үшін тілдік бірліктерді қарастырудың дәстүрлі құрылымдық-типологиялық тәсілінен алшақтап, ғылымдар тоғысындағы жаңа әдіснаманы және әдістерді қолдануды ұсынады. Осылайша соңғы жылдары тілде байқалатын терең ішкі өзгерістерді сипаттау үшін пәнаралық эмпирикалық әдістерді және олардың нәтижелерін пайдалану қолға алынды. Қазақ тілінің қазіргі даму сатысында пайда болған лексикалық жаңалықтардың тіл жүйесіндегі және тіл иелерінің қолданысындағы жай-күйін бағалау өзекті. Осы мақсатында жүзеге асырылған ассоциативтік эксперимент нәтижелері лексикалық жаңалықтардың тіл жүйесіндегі, ауызша және жазба коммуникациядағы орны бірдей емес екендігін дәлелдейді. Ассоциативтік эксперимент – лингвистиканың интеграциялық бағыттарына сәйкес жеке адам мен тұтастай қауымдастық санасының мәдени-ұлттық, танымдық мазмұнын құрайтын тілдік бірліктерге кешенді талдау жүргізуге мүмкіндік беретін эмпирикалық әдіс. Ассоциативтік зерттеу нәтижелері қазақ тілінің лексикалық жаңалықтарды жасаудағы төл әлеуетін бағалауға, әрбір сөзжасамдық тәсілдің мүмкіндігін анықтауға жол ашады. Жүзеге асырылған зерттеудің нәтижелері әрбір лексикалық жаңалықтың менталды лексикондағы ассоциативтік-вербалды желісінің сандық-сапалық мазмұнына интра- және экстралингвистикалық факторлар әрқалай ықпал ететіндігін көрсетеді. Мақалада ассоциативтік эксперименттің пәнаралық зерттеулерді жүзеге асырудағы рөлі қарастырылады және қазақыландырылған лексикалық жаңалықтардың тіл иелерінің менталды лексиконындағы шоғырлануын сипаттау мақсатында жүзеге асырылған ассоциативтік эксперименттің нәтижелері талданады.

Түйін сөздер: менталды лексикон, лексикалық жаңалықтар, ассоциативтік эксперимент, сауалнама, қазақыландыру, шоғырлану, ассоциативтік-вербалды желі, ассоциативтік тезаурус.

K.S. Aldasheva^{1*}, A.S. Nabidullin²

¹M. Utemisov West Kazakhstan University, Kazakhstan, Uralsk

²Abay Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: kama_kz89@mail.ru

Associative-verbal network of lexical innovations in the mental lexicon: results of an empirical study

Conscious human activity in relation to language is the most important social factor affecting the preservation of the language as a whole. Modern world linguistic science suggests using a new methodology and methods at the intersection of sciences, moving away from the traditional structural and typological approach to the consideration of linguistic units for in-depth study of changes occurring in the evolution of any language. Thus, in recent years, the use of interdisciplinary empirical methods and their results has been undertaken to describe the profound internal changes observed in the language. The assessment of the state of lexical innovations arising at the present stage of development in the Kazakh literary language and in their functioning in the speech of native speakers is relevant. The results of the associative experiment prove that the place of lexical innovations in the language system, oral and written communication is not the same. The associative experiment is an empirical method that allows, in accordance with the integration directions of linguistics, with the help of which it is possible to conduct a comprehensive analysis of linguistic units with cultural, national, cognitive content in the consciousness of the individual and the community as a whole. The results of the associative research allow us to assess the potential of the Kazakh language in creating lexical innovations, to identify the possibilities of each word-formation approach. The results of the study show that the quantitative and qualitative content of the associative-verbal network in the mental lexicon of each lexical innovation is

differently influenced by intra- and extralinguistic factors. The article examines the role of the associative experiment in the implementation of interdisciplinary research and analyzes the results of the associative experiment carried out to describe the self-organization of the studied lexical innovations in the mental lexicon of native speakers.

Key words: mental lexicon, lexical innovations, associative experiment, questionnaire, kazakhization, self-organization, associative-verbal network, associative thesaurus.

К.С. Алдашева^{1*}, А.С. Набидуллин²

¹Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова, Казахстан, г. Уральск

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: kama_kz89@mail.ru

Ассоциативно-вербальная сеть лексических инноваций в ментальном лексиконе: результаты эмпирического исследования

Сознательная деятельность человека по отношению к языку – важнейший социальный фактор, влияющий на сохранение языка в целом. Современная мировая лингвистическая наука предлагает использовать новую методологию и методы на стыке наук, отходя от традиционного структурно-типологического подхода к рассмотрению языковых единиц для глубокого изучения изменений, происходящих в эволюции любого языка. Таким образом, в последние годы было предпринято использование междисциплинарных эмпирических методов и их результатов для описания глубоких внутренних изменений, наблюдаемых в языке. Актуальна оценка состояния лексических инноваций, возникающих на современном этапе развития в казахском литературном языке и в их функционировании в речи носителей языка. Результаты ассоциативного эксперимента доказывают, что место лексических инноваций в языковой системе, устной и письменной коммуникации неодинаково. Ассоциативный эксперимент – это эмпирический метод, позволяющий в соответствии с интеграционными направлениями лингвистики проводить комплексный анализ языковых единиц с культурно-национальным, познавательным содержанием в сознании личности и сообщества в целом. Результаты ассоциативного исследования позволяют оценить потенциал казахского языка в создании лексических инноваций, выявить возможности каждого словообразовательного подхода. Результаты проведенного исследования показывают, что на количественно-качественное содержание ассоциативно-вербальной сети в ментальном лексиконе каждой лексической инновации по-разному влияют интра- и экстралингвистические факторы. В статье рассматривается роль ассоциативного эксперимента в осуществлении междисциплинарных исследований и анализируются результаты ассоциативного эксперимента, осуществленного с целью описания самоорганизации изученных лексических инноваций в ментальном лексиконе носителей языка.

Ключевые слова: ментальный лексикон, лексические инновации, ассоциативный эксперимент, анкетирование, казахизация, самоорганизация, ассоциативно-вербальная сеть, ассоциативный тезаурус.

Кіріспе

Кез келген табиғи тілдің құрылымы мен жүйесіне негіз болатын тірек – сөз. Сөздің ең қарапайым әрі ең маңызды қызметі – атау. Адамзаттың тіл туралы ғылыми танымының қалыптасуы «сөздің» атауыштық қызметіне қызығушылықтан басталды. Лингвистиканың ғылыми парадигмаларының және әралуан салаларының зерттеу нысанасы «сөзбен» тікелей байланысты. Сөзді жан-жақты зерттеу жеке адамнан бастап, қоғамның түрлі деңгейлерінің, тұтастай қауымдастықтың тіліндегі ерекшеліктерді анықтауға жол ашады. Осымен байланысты «сөзді» жай ғана лингвистикалық нысана ретінде емес, көп қырлы, кешенді, пәнаралық ғылыми феномен ретінде бағалауға болады.

Өткен ғасырдың 80 жылдары тілдің барлық инфрақұрылымы, өміршеңдігі мен қызмет етуі, таралуы сол тілде сөйлейтін халықпен, ұлтпен және жеке индивидпен байланыста қарастырыла бастады. Осылайша «адам фактор» зерттеудің орталық нүктесіне айналды. Тілтанымының «жаңа парадигмасы» қалыптасқан тұста сөз мағынасын репрезентациялау және және қабылдау үдерістеріндегі адамның рөлі айрықшалана түсті. Осылайша тілдің барлық болмысындағы, жан-жақты қызметіндегі адамның рөлін зерделеу лингвистикалық ізденістердің басым бағытына айналды.

Тіл білімінде «адамды оның тілі арқылы тануға» (Ю.Н. Карауловтың тұжырымы) деген ұмтылыс тіл иесінің лексиконын модельдеудің мүмкіндіктерін ұсына бастады. Жеке адамға

тән «сөздік қордың» құрылымдық және функционалдық тетіктерін зерделеудің және модельдеудің ғылыми негіздерін қарастыратын әдіснамалық алғышарттар анықталды.

Зерттеушілер әртүрлі мақсатқа қарай менталды лексиконның түрлі желілік модельдерін ұсынды. Әрине бұл желілер жеке адамның сөз туралы семантикалық, синтаксистік және фонологиялық білімін, күрделі құрылымын дәлме-дәл көрсетеді деуге болмайды. Алайда түрлі зерттеу нәтижесінде ұсынылған модельдер мен болжамдар менталды лексикондағы лексикалық жаңалықтардың шоғырлануын пәнаралық тұрғыдан сипаттау үшін пайдалы болары сөзсіз.

Тіл жүйесіндегі жалпы *лексикалық жаңалық* – тілде бұрын болмаған, жаңа мағынаға ие атау; *қазақыландырылған лексикалық жаңалықтар* – басқа тілдегі атауы тіл жүйесінде бұрын бар, бірақ қазақ тілінің төл мүмкіндігі арқылы жасалған баламасы ауызша және жазба коммуникацияда қолданысқа бірінші рет түскен сөздер. Мәселен, қазақ тілінің лексикалық қорында орыс тілінен енген *текст* сөзі болды, бірақ қазақыландырылған сөз *мәтін* кейін лексикалық жаңалық ретінде тілге енді.

Тіл мен сананың байланысын қарастыратын қазіргі зерттеулерде «менталды лексикон – орталық аймағы бар, әртүрлі бағытқа таралған байланыстарды қамтитын, периферияларға ыдырай бағытталған ассоциативтік-вербалды желі түріндегі кеңістік» деген анықтамалар бар. Қазақ тілді қоғам мүшелерінің менталды лексиконындағы қазақыландырылған лексикалық жаңалықтардың ассоциативтік-вербалды желісін анықтау қазіргі сөздік қорда пайда болған атаулардың тіл жүйесіне ену әлеуетін бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеудің эмпирикалық кезеңіндегі міндеттерге қол жеткізу үшін еркін ассоциативтік эксперимент ұйымдастырылып, жүзеге асырылды.

Материал және әдістер

Ассоциативтік эксперимент – адамның менталды лексиконның модельдеудің құралы және лексикон элементтері арасындағы желілік байланысты барынша нақты көрсететін эмпирикалық әдіс. Зерттеуде еркін ассоциативтік эксперимент менталды лексикондағы лексикалық жаңалықтардың ассоциативтік-вербалды желісін анықтаудың негізгі әдісі ретінде алынды және зерттеудің материалдарын қазақыландырылған лексикалық жаңалықтар құрайды. Зерттеу ма-

териалдары мен әдісін таңдауға әлемдік және отандық лингвистикадағы төмендегідей ғылыми тұжырымдар және озық тәжірибелер негіз болды.

Менталды лексикон ұғымын интерпретациялаудағы қарама-қайшы тұжырымдар менталды лексикон табиғатының, қызмет ету қағидаларының аса күрделі екендігін танытады.

Менталды лексикон – индивидтің жеке сөздік қоры, лексикалық базасы. Соңғы жылдары менталды лексикон туралы түсінік кеңейген; «лексикалық тілдік бірліктерді сақтаудың қоймасы»; «менталды корпус» «семантикалық жадының аналогы» деген анықтамалар кездеседі (Заботкина, 2012; Taylor, 2012).

Зерттеуші И.Г. Овчинникованың пайымдауынша, менталды лексикон – психолінгвистикадағы және когнитивтік ғылым саласындағы ең өзекті проблемалардың бірі. Ғалымның зерттеулеріндегі негізгі тұжырымдарға сүйенсек, менталды лексикон – декларативті білімнің, түрлі желілер арқылы өзара байланысқан бірліктердің қоймасы. Менталды лексиконның құрылымы адамның жас ерекшелігіне байланысты өзгеріп отырады, сәйкесінше өзара байланыстардың жаңа тәсілдері пайда болады. Менталды лексикондағы мұндай байланыстарды модельдеу үшін ассоциативтік эксперимент нәтижелерін қолдануға болады (Овчинникова, 2018).

Ассоциациялық талдау теориясында ассоциативтік құрылым негізгі екі нысаннан тұрады. Ең кіші ассоциативтік құрылым жұп сөзден тұрады: $S \rightarrow R$. (стимул және реакция). Олардың арасындағы бағыт ассоциативтік байланысты көрсетеді. Бір стимул сөзге бірнеше сөздер тізбегі – реакциялар алынуы мүмкін. Олардағы алдыңғы реакция кейінгі реакциялар үшін қосымша стимул қызметін атқарады. Бұны «аралық стимул» деп те атайды. Аралық стимулдар ассоциациялардың бағытын көрсетеді. Алынған ассоциативтік желідегі байланыстар аралас болуы мүмкін.

Ассоциативтік эксперимент нәтижесінде алынған реакцияларды синтагматикалық және парадигматикалық ассоциациялар деп бөлуге болады. Синтагматикалық ассоциация, мәселен, *ана – ең қадірлі жан, аяулы адам т.с.с.*, парадигматикалық ассоциация, *туыстық атаулар – ана, әке, аға, жиен т.б.*

Психолінгвистикада ассоциативтік эксперименттің үш түрі бар. Олар: а) еркін ассоциативтік эксперимент – респонденттерге реакцияларды белгілеу үшін шектеу

қойылмайды; ә) тізбекті ассоциативтік эксперимент – сауалнаманы толтыру уақыт шектеледі және реакциялардың нақты санын белгілеу ұсынылады; б) бағыттық ассоциативтік эксперимент – нақты грамматикалық категорияға немесе семантикалық топқа қатысты реакциялар алынады. Эксперимент барысында берілген стимулға алынған реакциялардың шынайылығы мен толыққандылығын қамтамасыз ету үшін респонденттің еркін жауап беруіне мүмкіндік жасау керек.

Эмпирикалық зерттеу нәтижелерін талдау және жинақтау үшін маңызды ғылыми ұғымның бірі – тезаурус. Себебі жүзеге асырылатын ізденіс нәтижесінде «Қазақ тіліндегі лексикалық жаңалықтардың ассоциативтік тезаурусы» деп аталатын алғашқы лексикографиялық еңбекті әзірлеу жоспарланады. Осы мақсатқа сәйкес ассоциативтік эксперимент нәтижелері мен тезаурустың арақатынасын біраз нықтылау қажет.

Қазіргі таңда антропоцентристік парадигмаға тиесілі салалардың жетістіктері лексикографияда интеграцияланады. Нақтырақ айтқанда, лексикографияның дамуы үшін психолингвистикалық, этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық зерттеулердің нәтижелері аса маңызды.

Ю.Н. Караулов сөздер арасындағы семантикалық қатынасты тіркейтін кез келген сөздікті «тезаурус» деп атауды ұсынады (Караулов, 1981: 148).

Тезаурусқа тән ең маңызды сипат оның құрылымынан көрінеді:

- жүйелілік – «концепт – таңба» қатынасы бойынша;
- әліпбилік – «таңба – концепт» қатынасы бойынша.

Тезаурус-сөздіктің негізгі қызметі – тіл иесінің бір ойды білдіретін бірнеше тәсілді табуына мүмкіндік жасау. Әдетте түсіндірме сөздікте сөзді табу үшін оның сыртқы формасын (дыбысталуы мен жазылуын) білу жеткілікті, яғни түсіндірме сөздік әліпбилік тәртіпке салынған. Ал тезаурус мағыналық, тақырыптық байланысы бар сөздер тобын табуға мүмкіндік жасайды және пайдаланушының осы салада базалық білімін нығайтуға мүмкіндік береді.

1972 жылы Дж. Киштің зерттеулерінде алғаш рет «ассоциативтік тезаурус» ұғымы қолданылды. Эдинбург университетінде жүзеге асырылған «Речь и коммуникация» деп аталатын жоба асында Дж. Киштің жетекшілігімен ағылшын тілінің материалдары бойынша тезау-

рус түріндегі алғашқы ассоциативтік сөздік жасалды. Ағылшын тілінің ассоциативтік тезаурусы – ағылшын тілінің төл иесіне тән ішкі лексиконның моделі; лексикалық жадының ассоциативтік табиғаты, шоғырлану сипаты туралы еңбек. Ассоциативтік тезаурусты жасаудағы мақсат – менталды лексикондағы өзара байланысты элементтердің желісін – ассоциативтік-вербалды желіні анықтау. Тезауруста көрініс тапқан ассоциативтік нормалар мен ассоциативтік желі адам санасының құрылымына тән маңызды индикаторларды (көрсеткіштер) ұсынады. Дж. Киш лексиконның құрылымы сөздердің репрезентациясынан және олардың арасындағы байланыстан тұрады деп тұжырымдайды. Лексикондағы желілерді сипаттау үшін ғалым «графа теориясын» қолданған. Нақтырақ айтқанда, ассоциативтік желі – ыдырай бағытталған графалардың кең жиынтығы; онда бағдарлар (стрелка) стимул мен ассоциациялар / реакциялар арасындағы байланысты репрезентациялайды, ал бағдарлардың қиылысында сөз немесе одан да ірі вербалды құрылымдар орналасады. G.R. Kiss бастаған зерттеушілер тобы еркін ассоциативтік экспериментті үш кезеңге бөледі. Зерттеудің алғашқы сатысында бастапқы мың сөз – стимул іріктеледі. Бұл стимул сөздердің қатарында бұған дейінгі зерттеулердің материалдары бар, атап айтқанда, ағылшын тілінің жиілігі сөздігіндегі қолданыс жиілігі жоғары сөздер; «Basic English» сөздігінің материалдары және т.б. енгізілген. Эксперименттің келесі кезеңдерінде алдыңғы кезеңде алынған реакциялар стимул ретінде берілді. Осылайша әрбір кезеңде стимул сөздердің саны артып отырды. Эксперименттің барлық кезеңдерінде жалпы саны 8400 стимул сөз ұсынылған. Компьютерлік өңдеуден кейінгі материалдар «Ассоциативтік тезауруста» ұсынылған. Сандық көрсеткішіне сүйенсек, сөздікте 55837 бірлік қамтылған. Бұл зерттелетін сөздер арасындағы түзу (стимулдан реакцияға) және кері (реакциядан стимулға) байланыстардың маңызды екенін көрсетеді. Тағы бір маңызды жайт, ассоциативтік экспериментке 9000-ға жуық респондент қатысқан. Олар – Ұлыбритания, Шотландия және Уэльстегі 30 университет және колледж студенттері. Респонденттердің жас ерекшелігі 17 жастан 22 жасқа дейінгі аралықты қамтыған. Сондай-ақ респонденттерге қойылған басты талап – Ұлыбританияда көп жылдар өмір сүру, ағылшын тілінің төл иесі болу. Қатысқандардың 64% ер адамдар; 36% әйел адамдар болған (Kiss, 1973).

Ассоциативтік эксперимент нәтижелері бойынша алынған реакцияларды бірбуынды немесе көп буынды, қолданыс жиілігі жоғары немесе төмен, лексика-грамматикалық ерекшелігі, яғни сөз таптарына тиесілігі сияқты параметрлер бойынша талдаулар жасалған.

Зерттеу нәтижесінде ғалымдар ассоциативтік тезаурустың артықшылығын былайша негіздеген: біріншіден, зерттеу эксперименталды деректерге негізделген және ағылшын тілі иесінің ассоциативтік ерекшелігін танытады; екіншіден, тезаурус сөзді іздеудің табиғи үдерісін көрсетеді, бұл машиналық бағдарламалар үшін пайдалы; үшіншіден, ассоциативтік тезаурус қазіргі ағылшын тілінде кең қолданылатын сөздерді қамтиды, сондықтан сөздіктің қолданыс аясы кең (Armstrong, 1973).

Зерттеу нысанасына қатысты аталған ғылыми тұжырымдар мен озық тәжірибелер негізге алынды. Ассоциативтік эксперименттің тиісті сатылары алдын ала жоспарланып, кезек кезеңімен жүзеге асырылды. Нәтижелер қазақ тіл білімінде лексикалық жаңалықтардың менталды лексикондағы ассоциативтік-вербалды желісін анықтау бойынша жүргізілген кешенді зерттеудің эмпирикалық бөлігі бойынша деректерді қамтиды.

Әдебиеттерге шолу

Белгілі ғалым А.Н. Леонтьев ассоциативтік эксперимент деректері адамның тілдік санасын зерделеудің тиімді жолы екеніне назар аударта отырып, оның ғылыми зерттеудегі бірнеше артықшылығына тоқталды: «Біріншіден, ассоциативтік эксперимент көрнекілік материал емес, ол жаппай эксперименттің шынайы нәтижесін береді, оны лингвистикалық және психолингвистикалық ақпарат көзі ретінде пайдалануға болады; екіншіден, статистикалық деректерді қамтитын ассоциативтік нормаларды математикалық өңдеуден өткізуге болады; үшіншіден, ассоциативтік нормалар нақты бір тіл мен мәдениетке тән лексикалық бірліктердің «ассоциативтік профилін» ұсынады; төртіншіден, ассоциативтік нормалар әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық зерттеулердің қуатты құралы ретінде бағаланады» (Леонтьев, 1977: 13-15).

Вербалды ассоциацияны зерттеудің алғашқы үлгілері антикалық дәуірден басталады. Ең алғашқы ассоциациялық классификацияны Аристотель жасаған болатын. Ол сөздер, бейнелер мен нысандар арасындағы байланыстың

әмбебап ұстанымдарын бөліп көрсетті: а) ұқсастығы (сыртқы немесе ішкі); ә) қарама-қарсы қасиеттері; б) кеңістіктегі орналасуы; в) уақыт категориясындағы орны; г) өзара себеп-салдарлық байланыстары.

Ассоциативтік үдерістерге қатысты зерттеулер ғылыми кеңістікте жүз жылдан астам уақыт бойында жүргізіліп келеді. Эксперименттің сипаты, формасы бір типтес болғанымен, зерттеу нысанына қарай ассоциативтік үдерістерді зерделеудің мақсаты әралуан сипат ала бастады.

Ассоциативтік зерттеу әдісі эксперименталды психологиядағы көне тәсілдердің бірі. Әдіс ретінде өткен ғасырда клиникалық психиатрада диагностикалық және психотерапиялық құрал ретінде пайдаланылды. Нақтырақ айтсақ, алғаш рет ассоциативтік нормалар науқастың психикасымен байланысты медициналық проблемалардың шешімін табуға арналған психотехникалық құрал ретінде қолданылды. З. Фрейд пен оның шәкірті К.Г. Юнг ассоциация арқылы зерттеу психоталдаудың негізгі жолы деп санады. А.Розанов пен Г. Кенттің бастамасымен қалыпты және патологиялық жағдайды танытатын «эталон» ассоциациялардың американдық ағылшын тіліндегі тізбегі жасалып, 1910 жылы «Американский журнал изучения психических заболеваний» деп аталатын ғылыми басылымда жарияланды. З. Фрейдтің «ассоциацияларды зерттеу – сананың мазмұнын ашуға мүмкіндік беретін бірден бір әдіс» деген тұжырымы кейіннен Ф. Гальтонның еңбектерінде жалғасын тапты. Ғалым «ассоциацияны сана мазмұнын зерттеудің тиімді тәсілі» деп бағалады. Сонымен қатар Ф. Гальтон ассоциациялар адам ойының табиғатын айқын көрсете отырып, ойлау анатомиясын ашады деп жазды (Lorand, 1978).

Антропозектік парадигманың аясында қалыптасқан психолингвистика мен лингвомәдениеттануда түрлі тілдердегі тілдік материалдардың үлкен көлемін сипаттау үшін жүргізілген ассоциативтік эксперименттік зерттеулер басқаша сипат алды.

Психолингвистикада ассоциативтік эксперимент әдісі алғаш рет Дж. Дize мен Ч. Осгудтың ұсынысымен қолданысқа енді. Ассоциативтік эксперимент әдісі адамның вербалды жадында және менталды лексиконында сақталған ақпараттардың, соның ішінде сөздердің лексика-семантикалық тұрғыдан бір-бірімен байланысын жүйелі сипаттауды мақсат етеді (Deese, 1965; Osgood, 1988).

Аталған әдісті орыс психолингвистикасында А.Р. Лурия мен О.С. Виноградов өз

зертеулерінде пайдаланды. Ассоциативтік эксперимент материалдарын өңдеу нәтижесінде тілдік сананы немесе лексикон ядросын құраушы сөздерді анықтауға мүмкіндік беретін түзу және кері ассоциативтік сөздіктер жасалды (Лурия, 1979).

1977 жылы белгілі ғалым А.А. Леонтьевтің басшылығымен алғаш рет «Словарь ассоциативных норм русского языка» деп аталатын орыс тілінің ассоциативтік сөздігі жарық көрді. Ғалымның көрсетуінше, сөздік орыс тілін шет тілі ретінде меңгертуде практикалық бағыттағы жұмыстардың тиімділігін қамтамасыз етеді (Леонтьев, 1977).

Сондай-ақ өткен ғасырдың аяғында Ресей ғылым академиясында «Ассоциативный тезаурус современного русского языка» (Ю.Н. Караулов, Е.Ф. Тарасов, Ю.А. Сорокин, Н.В. Уфимцева, Г.А. Черкасова) атты жобаның нәтижесінде жаңа ассоциативтік сөздіктің үш бөлімі (алты кітап) аяқталды.

Мәскеу психолінгвистикалық мектебі өкілдері жасаған «Орыс тілінің ассоциативтік сөздігі» – орыс мәдениеті өкілдерінің әлем бейнесі туралы жүйелі еңбек. Зерттеудің мақсаты тілдік сананың ядросындағы бірліктердің семантикалық желісін анықтау. Мәскеу психолінгвистикалық мектебі аясында жасалған бұл зерттеудің шеңбері кеңейтіліп, басқа да славян тілдерінде сөйлеушілердің, кейін бурят, хакас, вьетнам халықтарының тілдік санасының ядросына енетін доминант этномәдени бірліктер анықталып, ассоциативтік нормалардың ұлттық ерекшелігі зерделенді (Уфимцева, 1996).

Осылайша ассоциативтік эксперимент табиғи тілді және оның иесін танудың құралы ретінде мойындалды. Солардың қатарында еркін ассоциативтік эксперимент адамның ассоциативтік жадына және менталды лексиконына қолжетімділікті қамтамасыз ететін әдіс ретінде қолданыла бастады. Сондай ақ «белгілі бір стимул сөзге алынған ассоциациялар жеке адамның вербалды жадындағы ақпаратты ғана емес, сондай-ақ қарапайым тіл иесінің санасындағы өзі тиесілі болған этносқа тән әлем бейнесін де ұсына алады» (Уфимцева, 1996: 140).

Нәтижелер және талқылау

Ассоциативтік эксперимент құралдары арқылы адамның менталды лексиконын модельдеу элементтер арасындағы табиғи байланыстың анағұрлым бара-бар бейнесін көрсетеді (Заботкина, 2012: 75).

Менталды лексикондағы лексикалық жаңалықтардың ассоциативтік-вербалды желісін анықтау мақсатында еркін ассоциативтік эксперимент әдісі қолданылды. Эксперимент нәтижелері менталды лексиконның мазмұнына талдау жүргізуге және лексикалық жаңалықтардың шоғырлануына тән өзіндік сипатты, олардың ассоциативтік-вербалды, семантикалық байланыстарын анықтауға мүмкіндік берді.

Ассоциативтік сөздік және тезаурус жасаудың әлемдік тәжірибесінде лексикалық жаңалықтарға арналған ассоциативтік лексикографиялық еңбектің жоқ екені анықталды. Осымен байланысты лексикалық жаңалықтардың ассоциативтік тезаурусын жасау мақсаты алғаш рет тәжірибеге енді.

Сауалнаманың мазмұн көлеміне енген стимулдар ретінде қазақ тілінің төл әлеуеті арқылы жасалған 100 қазақыландырылған лексикалық жаңалық алынды. Зерттеуге қатысатын респонденттерді аймақтық, жас ерекшелік параметрлері бойынша іріктеу жоспарланған. Іс жүзінде Қазақстанның әртүрлі аймақтарынан 17-53 жас аралығындағы 293 респондент зерттеуге қатысты. Респонденттердің жауаптарына сәйкес сауалнаманың төлқұжаттық бөліміндегі параметрлер бойынша негізгі көрсеткіштер төмендегідей болды:

- ұлты: қазақ – 288 (97,6%); өзбек – 3 (1%); ұйғыр – 1 (0,03%); тәжік – 1 (0,03%); басқа – 1 (0,03%).

- жынысы: 272 әйел; 21 ер;

- білімі: жоғары – 49 (17%); аяқталмаған жоғары (студент) – 231 (78,6%); орта – 13 (4,4%);

- қазақ тілін білу деңгейі: жетік – 197 (67%); еркін – 87 (29,9%); орта деңгей – 9 (3,1%); қарапайым деңгей – 0 (0%);

- орыс тілін білу деңгейі: жетік – 41 (13,9%); еркін – 100 (34,4%); орта деңгей – 111 (37,8%); қарапайым деңгей – 41 (13,9%).

Тұтастай зерттеу бойынша қол жеткізілген нәтижелерді көрсету мақсатында *құлаққап*, *пернетақта*, *бедел-бейне* деген лексикалық жаңалықтар бойынша алынған реакцияларға жасалған талдау ұсынылады.

Құлаққап. Орысша баламасы – *наушник*. Бұл сөздің орыс тілінде екі мағынасы бар: 1) жылы бас киімнің құлақты жабатын бөлігі; 2) тыңдауға арналған құлаққа киілетін құрал. Ал қазақ тілінде *құлаққап* – телефон, компьютер сияқты электронды құрылғылардың қосымша аксессуары; тыңдауға арналған құрал. *Құлаққап* – «құлақ» және «қап» сөздерінің бірігуінен

жасалған қазақыландырылған атау; қазіргі ауызша және жазба коммуникациядағы қолданыс жиілігі жоғары. Бұған эксперимент нәтижелері дәлел бола алады.

Эксперимент бойынша *құлаққап* сөзіне алынған реакциялардың жалпы саны – 103. Олардың ішінде: *наушник* – 265; музыка – 84; әуен – 34; тыңдау – 28; телефон – 25; құлақ – 24; музыка тыңдау – 14; дыбыс – 11; есту – 7; құрылғы – 7; ән – 6; аэрподс – 4; есту құралы – 4; компьютер – 4; қап – 4; микрофон – 4; өлең – 4; ұялы телефон – 4; аксессуар – 3; ән тыңдау – 3; би – 3; дауыс – 3; кино – 3; құлақшын – 3; headphones – 3; ақпарат – 2; аудио – 2; аудиожазба – 2; байланыс – 2; бас киім – 2; билеу – 2; динамик – 2; жылы – 2; кию – 2; өлең тыңдайтын құрылғы – 2; тыңдауыр – 2; автобус – 1; айфон – 1; аспап – 1; аудиозапись – 1; аудиокниги – 1; әдемі әуен – 1; басқа әлем – 1; басқа тағу – 1; беспроводной наушник – 1; блютуз – 1; білмеймін – 1; веселье – 1; дауыс жеткізгіш – 1; дауыс жиілігін өзгерту – 1; демалу – 1; денсаулық – 1; дыбыс құрылғысы – 1; дыбыстық сигнал – 1; еркін – 1; естуге арналған – 1; естудегі қажеттілік – 1; естіргіш – 1; жабу – 1; жол – 1; келісем – 1; киім түрі – 1; қалпақ – 1; қуаттағыш – 1; құлақбасқыш – 1; құлаққа киетін қап – 1; құлаққа салатын – 1; құлаққа тағатын нәрсе – 1; құлаққа тағатын электронды жиһаз – 1; құлаққаппен серуендеу – 1; құлақпен есту – 1; құлақтың үстіне қаптайтын нәрсе – 1; құрал – 1; құран – 1; қыс – 1; қыста киеді – 1; махаббат – 1; мотивация – 1; музыкаға арналған – 1; музыкалық композиция – 1; өлең тыңдау – 1; плейлист – 1; радио – 1; сезім – 1; смартфон – 1; сотка аксессуары – 1; сөйлесу – 1; суық – 1; табиғат – 1; тау – 1; таудауыш – 1; телефон арқылы сөйлесу құралы – 1; техника – 1; трек – 1; тыныштық – 1; тыңдау құралы – 1; ушные – 1; ұялы тұтқа – 1; үнтетік – 1; шабыт – 1; шнур – 1; ыңғайлы – 1; earnings – 1.

Реакциялардың сандық көрсеткіштері тіл иелерінің менталды лексиконында *құлаққап* сөзінің бар екендігін көрсетеді. Жоғарыда аталғандай, бұл, ең алдымен, сөздің қолданыс жиілігінің жоғары болуымен байланысты. Бұның тағы бір себебі – сөздің семантикалық айқындылығы жоғары. Демек, менталды лексиконда *құлаққап* және *наушник* атауларының шоғырлануы салыстырмалы түрде тең. Сонымен қатар менталды лексикондағы *құлаққап* сөзі мен оның ассоциативтік-вербалды желісін көрсететін реакциялар арасындағы семантикалық байланыстардың бар екендігіне *музыка, әуен, тыңдау,*

телефон, құлақ, музыка тыңдау, дыбыс, есту, құрылғы, ән, есту құралы, компьютер, микрофон, өлең, ұялы телефон, аксессуар, ән тыңдау, би, дауыс, кино, аудио, аудиожазба, динамик, өлең тыңдайтын құрылғы, тыңдауыр, айфон, аспап, аудиозапись, аудиокниги, әдемі әуен, дауыс жеткізгіш сияқты бірліктер дәлел бола алады. Алынған реакциялардың қатарында *айфон, аэрподс, смартфон, трек, блютуз, headphones, earnings, веселье, беспроводной наушник* сияқты шеттілдік сөздер де кездеседі. Ал *қап, құлақшын, кию, жылы, қыста киеді* деген сияқты реакциялар *наушник* атауының «жылы бас киімнің құлақты жабатын бөлігі» деген мағынасына қатысты тіл иелерінің менталды лексиконындағы семантикалық желісін көрсетеді. Сондай-ақ реакциялардың бір тобын адамның құлаққапты телефонның тыңдауға арналған қосымша құрылғысы ретінде пайдалану кезінде алатын эмоционалдық әсерін көрсететін бірліктер құрайды: *билеу, басқа әлем, сезім, тау, табиғат, тыныштық, махаббат, шабыт, демалу, веселье*. Тұтастай алғанда, *құлаққап* сөзі орыс тіліндегі *наушник* атауының қазақыландырылған баламасы ретінде қазақ тілінің төл иелерінің мәдени-танымдық сұранысына толық сәйкес келеді. Эксперимент нәтижесінде анықталған *құлаққап* сөзінің менталды лексикондағы ассоциативтік-вербалды желісі осы тілдік бірліктің қазақ тіліндегі ауызша және жазба коммуникацияға ене бастағанын көрсетеді.

Пернетақта – *перне* және *тақта* сөздерінің бірігуінен жасалған қазақыландырылған лексикалық жаңалық. Орыс тіліндегі баламасы – клавиатура – компьютерге ақпаратты енгізуге мүмкіндік беретін құрылғы; батырмалар жүйесі. Қазақ тілінде *перне* – ұлттық коннотацияға ие сөз. Лексикографиялық еңбекте *перне* – домбыра мойнына байланған бунақтар (Музыка мәдениеті, 2013). Қазақ әдеби тілінің сөздігінде *тақта* – 1. Бормен жазуға лайықталып жасалған қара не қызыл түсті мектеп жабдығы. 2. Түрлі құлақтандыру, жарнама, күнделікті хабар, газет т.б. ілінетін арнаулы тақтай (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011, 11-том). Тілдің төл иелері үшін *перне* және *тақта* – менталды лексиконда әбден орныққан сөздер. Осымен байланысты пернетақта сөзін қабылдау үшін танымдық кедергілер жоқ әрі семантикалық айқындылығы жоғары. Ақпараттық технологияға байланысты мәтіндерде *пернетақта* сөзінің автоматты қолданысының жиілігі артқан. Сондай-ақ сөздің менталды лексиконда тұрақтала бастағанына

төмендегідей эксперимент нәтижелері дәлел бола алады.

Алынған реакциялардың жалпы саны – 109. Олардың ішінде: *клавиатура* – 101; компьютер – 70; әріптер – 33; жазу – 29; тақта – 22; клавиша – 15; әріп – 13; ноутбук – 13; экран – 7; басу – 6; интерактивті тақта – 6; монитор – 6; сан – 6; теру – 6; кнопка – 5; компьютер құрылғысы – 5; құрылғы – 5; сандар – 5; keyboard – 4; ақпарат – 4; ақпарат енгізу – 4; құрал – 4; перне – 4; әріптерді теру – 3; басқару – 3; батырма – 3; досқа – 3; компьютер бөлігі – 3; компьютердің бөлшегі – 3; мәтін – 3; символдар – 3; сөздер – 3; телефон – 3; алфавит – 2; ғаламтор – 2; енгізу – 2; кабинет – 2; компьютер жабдығы – 2; мәтін теру – 2; пернелер – 2; саусақ – 2; сөз – 2; сөз теру – 2; теріп жазу – 2; төрт бұрышты – 2; цифрлар – 2; электронды тақта – 2; 50 шақты әріп бар – 1; ағылшын – 1; әріп шоғыры – 1; әріптер жинағы – 1; бас пернелері – 1; басатыны көп – 1; баспа құралы – 1; бейне – 1; бейнебаян – 1; белгілер – 1; бос орын – 1; білмеймін – 1; есеп – 1; жазу құралы – 1; жазу тақтасы – 1; жазуға арналған – 1; жұмыс – 1; жұмыс орны – 1; зат – 1; келісемін – 1; кнопкаларды басу – 1; компьютер құралы – 1; компьютер тақтасы – 1; компьютермен әріп теруге арналған қосымша аксессуар – 1; кофе – 1; көру – 1; қол – 1; қолдану – 1; қолмен басатын – 1; мақала – 1; мектеп – 1; ойындар – 1; өшіру – 1; папакалар – 1; презентация – 1; пернебаспа – 1; печатать – 1; реферат – 1; скриншот – 1; слайд – 1; слова – 1; сөйлем – 1; сым – 1; сынып – 1; таңба – 1; термебет – 1; тетік – 1; тетіктер – 1; техника – 1; түймелер жинағы – 1; түсінбедім – 1; тышқан – 1; тіл – 1; тінтуір – 1; функциялар – 1; шаршылар – 1; шрифт – 1; шығармашылық – 1; электронды пернетақта – 1; яндекс – 1; enter – 1; google chrome – 1;

Респонденттердің жауаптары бойынша ең көп реакция – *клавиатура*. Бұл тіл иелерінің *пернетақта* сөзін түсінетіндігін, менталды лексиконда шоғырланғандығын көрсетеді. Өйткені компьютерлік технологиялардың өмірдің әртүрлі салаларына ене бастаған кезеңінен бастап *клавиатура* қолданысқа еніп кетті, сәйкесінше тіл иелері үшін актуалды болды. Бұл үрдіс қазір ауызша коммуникацияда мүлде жойылды деуге болмайды және әлі де тіл иелерінің автоматты қолданысында кездеседі. Дегенмен қазақ тілінің төл иелері *пернетақта* атауы *клавиатура* сөзінің баламасы екенін біледі. Менталды лексикондағы *пернетақта* сөзінің өзіндік позициясы айқындала бастаған. Бұның тағы бір дәлелі – ассоциативтік-вербалды желіге енген

басқа да реакциялардың семантикалық байланысы. Жоғарыда берілген реакциялардың ба-сым көпшілігі осы сипатқа ие. Тұтастай алғанда, пернетақта сөзінің тіл жүйесіндегі және тіл иелерінің менталды лексиконындағы «тағдыры» алдыңғы құлаққап сөзімен ұқсас. Қолданыс жиілігінің жоғары болуы, семантикалық айқындылығы, ұлттық танымға сәйкестігі, эстетикалық талапқа жауап беруі, сөз мағынасы мен ұғымдық сапаның үйлесімділігі *құлаққап* және *пернетақта* сөздерінің қазақыландырылған лексикалық жаңалық ретінде менталды лексиконда шоғырлануын және тілдің сөздік қорына енуін қамтамасыз етеді.

Қазақыландырылған лексикалық жаңалықтарды тіл иелерінің қабылдауы, менталды лексикондағы орны мен тіл жүйесіне енуі әлеуетінің бірдей болмауы – заңдылық. Бұған *бедел-бейне* сөзі бойынша алынған эксперимент нәтижелері дәлел болады.

Бедел-бейне – *бедел* және *бейне* сөздерінің бірігуінен жасалған, орыс тіліндегі *имидж* сөзінің қазақыландырылған баламасы. *Бедел-бейне* атауының лексикалық жаңалық ретінде тіл жүйесінде пайда болғанына көп уақыт болған жоқ. Сәйкесінше ауызша және жазба коммуникациядағы *имидж* атауының қолданысы әлі де басым. *Имидж* (ағылшын тіліндегі *image* – бейне, келбет) – адамның мәртебесіне сәйкес өзін қалай ұстау керектігі туралы қоғамдық пікірде қалыптасқан идеялар жиынтығы; имидж бұқаралық ақпарат құралдарында нысанаға қатысты белгілі бір қарым-қатынасты қалыптастыру үшін PR, насихат, жарнама арқылы жасалады. Ол нысанаға тән қасиеттерді де, нысанаға тән емес қасиеттерді де қамтуы мүмкін.

Алынған реакциялардың жалпы саны – 122. Олардың ішінде: білмеймін – 45; *бейне* – 24; авторитет – 21; репутация – 17; атақ – 15; абырой – 13; видео – 13; *бедел* – 11; жарнамалау – 11; изображение – 11; мінез-құлық – 9; портрет – 9; *имидж* – 8; келбет – 7; түр – 7; беделді – 6; сурет – 6; танымал – 6; танымал ету – 6; даңқ – 5; жарнама – 5; бет бейне – 4; камера – 4; құндылық – 4; мансап – 4; сыйлы – 4; адам – 3; атакты – 3; беделді адам – 3; видеозапись – 3; престиж – 3; реклама – 3; тауардың сапасы – 3; тұлға – 3; фото – 3; байлық – 2; дәреже – 2; кескін – 2; көрсетілген қызмет – 2; көрініс – 2; образ – 2; статус – 2; сый – 2; сыртқы көрініс – 2; түсірілім – 2; абыройлы – 1; авторитетный человек – 1; адам бейнесі – 1; айна – 1; ақпарат – 1; атакты адам – 1; атакты көріну – 1; аудиозапись – 1; әдебиет –

1; беделді болу – 1; беделді тұлға – 1; беделділік – 1; беделі арту – 1; беделі бар адам – 1; бейнелеу – 1; бейненің беделі – 1; бейнетаспа – 1; белгілі – 1; бет – 1; бетке ұстар бейне – 1; ватсап – 1; видеоархив – 1; видеобақылау – 1; видеозвонок – 1; видеокамера – 1; видеоролик – 1; жақсы ат – 1; жарнама тақтасы – 1; жедел – 1; жеңіс – 1; жетістік – 1; жоғары – 1; жұлдыз – 1; жұмыс – 1; заттың сапасы туралы сатып алушының пікірі – 1; звание – 1; зиялы топ – 1; индивид – 1; картина – 1; көзқарас – 1; көлеңке – 1; көркем бейне – 1; көрнекті адам – 1; көрсеткіш – 1; көрік – 1; кругозор – 1; қадір – 1; қоғамдағы орны – 1; қуаныш – 1; құжат – 1; құрмет – 1; қызмет – 1; лидер – 1; лицо – 1; пейзаж – 1; персона – 1; престижный – 1; репутацияны бейнелеу – 1; сапа – 1; сатып алушының ойы – 1; статусные лицо – 1; сыйлы адам – 1; сымбатты – 1; сырт келбет – 1; талант – 1; танымал тұлға – 1; тауар – 1; тез – 1; тез түсіру – 1; телеканал – 1; тұрпат – 1; түр-әлпет – 1; уверенность – 1; үлгі болар адам – 1; фирма – 1; face – 1; reputation – 1;

Алдыңғы мысалдармен салыстырғанда, *бедел-бейне* сөзінің қазақ тілінің лексикалық қорындағы орны тұрақсыз. Бұл, ең алдымен, уақыт факторымен байланысты. *Бедел-бейне* мен *имидж* сөзінің ауызша және жазба коммуникациядағы қолданысы тең емес. Қазақыландырылған атаудың қолданыс жиілігінің төмендігі анық байқалады. Осымен байланысты «білмеймін» деген реакцияның көп берілуі заңдылық. Дегенмен сөздің семантикасы тіл иелері үшін барынша айқын екендігін алынған реакциялардың мағыналық топтарынан көруге болады. *Бедел* – адамның жалпы жұрт таныған қадір-қасиеті, ықпалы, көзқарастар жүйесі немесе белгілі бір қасиеттеріне, сіңірген еңбегіне көрсетілген лайықты құрмет (Философиялық сөздік, 1996). *Бейне* – кескін-келбет, түр-тұрпат, тұлға (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011, 3-том). *Бедел* және *бейне* сөзінің менталды лексикондағы семантикалық желісіне енетін реакциялар *бедел-бейне* деген қазақыландырылған лексикалық жаңалықтың тіл иелерінің менталды лексиконна ену және орнығу әлеуеті айтарлықтай жоғары екендігін көрсетеді. *Бедел-бейне* сөзінің мағыналық-ұғымдық сыйымдылығы *имидж* сөзінің коннотациясын толық қамтиды. Сондай-ақ *бедел-бейне* сөзі профессор А. Алдаш ұсынған 1) өзектілік немесе қажеттілік; 2) сәйкестік; 3) эстетикалық ұстанымдарына жауап береді (Алдаш, 2021). Тіл иелерінің қабылдауы үшін танымдық кедергілер жоқ. Ауызша және жазба коммуникациядағы қолданыс жиілігін нысаналы

түрде арттыру *бедел-бейне* сөзінің тіл жүйесінде нормалануына және менталды лексикондағы шоғырлануына мүмкіндік береді.

Осы аталған лексикалық жаңалықтардың менталды лексикондағы ассоциативтік-вербалды желісінің шоғырлануында тіл иесінің сөзді «саналы» / «бейсаналы» түрде қолдануы да маңызды.

Жаңа сөз менталды санаға еніп, бекем орнығу үшін ассоциативтік желідегі байланыс тораптары күшті болуы керек. Бұған жеке адамның тілді меңгеру деңгейі, білімі, сөздік қоры және ең бастысы саналы әрекеті ықпал етеді. Мәселен, қазақ тілінің иесі үшін қостілділік деңгейіне қарай *пернетақта* сөзі менталды лексиконда ең алдымен оның орыс тіліндегі баламасымен ассоциацияланады. Себебі, жоғарыда аталғандай, *пернетақта* атауы тілге еңбес бұрын *клавиатура* баламасының қолданысы белсенді болды. Екіншіден, *перне* және *тақта* сөздерінің ұғымдық мәнін түсінетін тіл иесі үшін *пернетақта* атауының мағыналық сыйымдылығын сезіну қиындық тудырмайды. Бұл тіл иесінің жазбаша коммуникацияның талаптарына сәйкес *пернетақта* баламасын барынша жоғары жиілікпен қолдануына мүмкіндік береді. Алайда, үшіншіден, тиісті шарттар орындалып, менталды лексиконға енген сөздің ауызшы коммуникациядағы белсенділігі төмен болады. Осы ретте екінші мәселе шығады.

Сөздің екі тілдегі баламасы да менталды лексиконда қатар бола алады және екі тілдегі балама ассоциативті желіде байланысуы мүмкін. Ең бастысы – сөйлеуде қай тілдегі баламаның белсенділігі басым болатындығы, бұл – автоматизм дәрежесінде тұрған баламаға тиесілі. Мәселен, *күйсандық* және *пианино* атауларының екеуі де (бір ұғымның екі тілдегі баламасы) қазақ тілді сөйлеушілердің басым көпшілігінің менталды лексиконында болғанымен, сөйлеуде *пианино* баламасының белсенділігі жоғары. Бұл үдерісті адамның когнитивтік санасындағы тетіктер басқарады. Тіл иесі сол затты алғаш танығанда оның «пианино» атауы менталды лексиконда орнықты және қазақ тіліндегі баламасы ұсынылғанға дейін ауызша-жазбаша коммуникацияда «пианиноның» қолданысы кең тарайды. Қазақ тілінің ішкі әлеуеті арқылы жасалған «күйсандық» атауы ұсынылғаннан кейін, лексикографиялық еңбектерде тіркелді және жазбаша коммуникацияда белсенділігі арта бастайды. Бірақ тіл иелерінің менталды лексиконда әбден орныққан, яғни автоматизм дәрежесіне жеткен «пианиноны» ығыстыра алмады. Бірақ

«күйсандықтың» автоматизм дәрежесіне жетуі түбегейлі мүмкін емес деп айтуға болмайды. Себебі автоматизм деңгейіне жеткізу мақсатында «күйсандық» атауының саналы қолданысы «пианиноның» деңгейіне көтерілуі мүмкін. Бұл ретте «күйсандық» «пианиноның» түбегейлі жойып жібермейді, «күйсандық» қазақ тілді менталды лексиконда автоматизм дәрежесіне жетеді.

Эксперименттік зерттеу нәтижесінде әрбір лексикалық жаңалыққа алынған реакциялар сол сөздің менталды лексикондағы позициясына немесе менталды лексиконға ену мүмкіндігіне, тіл иелерінің қабылдау ерекшелігіне, тіл жүйесіндегі нормалану сапасына талдау жасауға жол ашады. Бұл зерттеудің мақсатына сәйкес ассоциативтік эксперименттің тиімділігін дәлелдейді.

Қорытынды

Кез келген табиғи тілдің синхронды сатыдағы динамикасын талдау ең алдымен сөздік қордың толығын бағалау арқылы жүзеге асады. Қазіргі қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесі заңнамалық құжаттармен бекітіліп, ұлт тілін дамытудың негізгі алғышарттары тіл саясаты арқылы қамтамасыз етілген. Қазақ тілінің сөздік қорын тілдің ішкі мүмкіндіктері арқылы толықтырудың лингвистикалық тетіктерін ұсыну үшін кешенді ғылыми-теориялық және эмпирикалық зерттеулер жүргізу қажет. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін жүзеге асырылып отырған ғылыми зерттеу қазақыландырылған лексикалық жаңалықтардың тіл иелерінің менталды лексикондағы шоғырлануына пәнаралық (синергетикалық) талдаулар жасауды көздейді. Пәнаралық зерттеудің негізгі міндеттерінің

бірі – лексикалық жаңалықтардың менталды лексикондағы ассоциативтік-вербалды желісін анықтау. Еркін ассоциативтік эксперимент қазақыландырылған лексикалық жаңалықтардың тіл иелерінің санасындағы мазмұн көлемін, нақтырақ айтқанда семантикалық байланыстарын анықтауға мүмкіндік берді.

Ассоциативтік эксперимент нәтижесінде жинақталатын материалдар – қазіргі қазақ тілінің лексикалық толығы мүмкіндігін бағалауға, қазақыландырылған лексикалық жаңалықтардың ауызша және жазба коммуникациядағы белсенділігін байқауға, тіл иелерінің менталды лексикондағы позициясын, ассоциативтік-вербалды желісін, семантикалық байланыстарын анықтауға, сөздің қазіргі және әрі қарайғы «тағдырын» болжауға мүмкіндік беретін лингвистикалық өлшемдер. Сауалнаманың негізгі мазмұнын құрайтын қазақыландырылған лексикалық жаңалықтар және оларға алынған реакциялар «Қазақ тіліндегі лексикалық жаңалықтардың ассоциативтік тезаурусын» құрастыру үшін пайдаланылады. Бұл қазақ тілтанымында шетелдік тәжіриде кең таралған әртүрлі бағыттағы ассоциативтік лексикографиялық еңбектерді әзірлеудің теориялық-эмпирикалық базасын нығайтуға үлес қосады.

Зерттеуде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің АР08855684 «Қазақыландырылған лексикалық жаңалықтардың менталды лексиконда шоғырлануының синергетикасы: пәнаралық модельдеудің әдіснамалық платформасы» деп аталатын гранттық қаржыландыру Жобасының қорытындылары ұсынылған.

Әдебиеттер

- Алдаш А. Қазақ ортологиясы: Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 296 б.
- Заботкина В.И. Слово и смысл: Монография. – М.: Издательский центр РГГУ, 2012. – 420 с.
- Караулов Ю.Н. Лингвистическое конструирование и тезаурус литературного языка. – М.: Наука, 1981. – 367 с.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 13-том. / Құраст. А. Фазылжанова, Н. Оңғарбаева, Қ. Ғабитханұлы және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том. / Құраст. Б. Сүйеркұлова, Т. Жанұзақ, О. Жұбаева және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.
- Леонтьев А.А. Общие сведения об ассоциациях и ассоциативных нормах // Словарь ассоциативных норм русского языка. – М., 1977. – 192 с.
- Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – 2-е изд. – М.: Политиздат, 1977. – 304 с.
- Лурия А.Р. Язык и сознание / Под редакцией Е.Д. Хомской. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1979. – 320 с.
- Музыка мәдениеті мен өнер терминдерінің сөздігі / Б.Ж. Қоқымбаева, Е.Ю. Личман, Б.У. Итемгенова. – Павлодар: ПМПИ, 2013. – 177 б.
- Овчинникова И.Г. Входящие и исходящие связи слова в ментальном лексиконе младшего школьника // Известия РГПУ им. А. И. Герцена. – 2018. – No. 189. – С. 160-169.

- Уфимцева Н.В. Русские: опыт еще одного самопознания // Этнокультурная специфика языкового сознания. – М., 1996. – С. 139–162.
- Философиялық сөздік / Р.Н. Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы баспасы, 1996. – 525 б.
- Armstrong СМ., Piper J.R.I. The Structuring of an Associative Empirical Thesaurus of English. Paper Presented at the International Conference on Computer and the Humanities. – Minnesota, 1973. – 21 p.
- Deese J. The structure of associations in language and thought. – Baltimore: The John Hopkins Press, 1965.
- Kiss G.R. Armstrong C., Milroy R. An Introduction to the Microfilm Version of Associative Thesaurus. – Edinburgh: University of Edinburgh, 1973.
- Osgood Ch.E. Psycholinguistics. Cross-Cultural Universals, and Prospects for Mankind. – Praeger Publishers, 1988.
- Szalay L.B., Deese J. Subjective Meaning and Culture: An Assessment Through Word Associations. – Lawrence Erlbaum Associates: Publishers, Hillsdale, NJ, 1978. – 165 p.
- Taylor J.R. The mental corpus: How language is represented in the mind. – N.Y.: Oxford University Press, 2012. – 336 p.

References

- Aldash A. (2021) Qazaq ortologiyasy [Kazakh orthology]: Monograph. Almaty. 2021. 296 p. (in Kazakh)
- Zabotkina V.I. (2012) Slovo i smysl [Word and meaning]: Monograph. Moscow. 2012. 420 p. (in Russian)
- Karaulov Y.N. (1981) Lingvisticheskoe konstruirovaniye i tezaurus literaturnogo yazyka [Linguistic construction and thesaurus of the literary language]. Moscow. 1981. 367 p. (in Russian)
- Qazaq әдеби тілінің сөздігі. On bes tomдық (2011) [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes]. Vol.13. / Compiled by A. Fazylzhanova, N. Ongarbayeva, K. Gabitkhanuly and etc. Almaty. 2011. 752 p. (in Kazakh)
- Qazaq әдеби тілінің сөздігі. On bes tomдық (2011) [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes] Vol.3. / Compiled by B. Suierkulova, T. Januzak, O. Jubaeva and etc. Almaty. 2011. 744 p. (in Kazakh)
- Leontev A.A. (1977) Obschie svedeniya ob associaciyah i associativnyh normah [General information about associations and associative norms] // Slovar associativnyh norm russkogo yazyka [Dictionary of associative norms of the Russian language]. Moscow. 1977. 192 p. (in Russian)
- Leontev A.N. (1977) Deyatel'nost. Soznanie. Lichnost. [Activity. Conscience. Personality] 2nd ed. Moscow. 1977. 304 p. (in Russian)
- Luriya A.R. (1979) Yazyk i soznanie [Language and consciousness] / Edited by E.D. Chomsky. Moscow. 1979. 320 p. (in Russian)
- Muzyka madenieti men oner terminderining sozdigi (2013) [Dictionary of terms of musical culture and art] / B.J. Kokymbaeva, E.Y. Lichman, B.U. Itemgenova. Pavlodar. 2013. 177 p. (in Kazakh)
- Ovchinnikova I.G. (2018) Vhodyaschie i ishodyaschie svyazi slova v mentalnom leksikone mladshogo shkolnika [Incoming and outgoing connections of words in the mental lexicon of a junior schoolboy] // Bulletin of A.I. Gercen. 2018. No.189. P.160-169. (in Russian)
- Ufimceva N.V. (1996) Russkie: opyt esche odnogo samopoznaniya [Russians: the experience of another self-discovery] // Etnokul'turnaya specifika yazykovogo soznaniya [Ethnocultural specificity of linguistic consciousness]. Moscow. 1996. P.139-162. (in Russian)
- Filosofiyalyq sozdik (1996) [Philosophical Dictionary] / R.N. Nurgaliev. Almaty. 1996. 525 p. (in Kazakh)
- Armstrong SM., Piper J.R.I. (1973) The Structuring of an Associative Empirical Thesaurus of English. Paper Presented at the International Conference on Computer and the Humanities. Minnesota, 1973. 21 p. (in English)
- Deese J. (1965) The structure of associations in language and thought. Baltimore. 1965. (in English)
- Kiss G.R. Armstrong C., Milroy R. (1973) An Introduction to the Microfilm Version of Associative Thesaurus. Edinburgh. 1973. (in English)
- Osgood Ch.E. (1988) Psycholinguistics. Cross-Cultural Universals, and Prospects for Mankind. Praeger Publishers. 1988. (in English)
- Szalay L.B., Deese J. (1978) Subjective Meaning and Culture: An Assessment Through Word Associations. Lawrence Erlbaum Associates. 1978. 165 p. (in English)
- Taylor J.R. (2012) The mental corpus: How language is represented in the mind. N.Y. 2012. 336 p. (in English)